

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Мектеп, жанұя және қоғамдық орындардың бірлесіп өткізілетін тәрбие жұмыстары

ЖАРИЯЛАНДЫ  
08.02.2019СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/53163/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

**Сабақтың мақсаты**

**Білімділік:** Мектеп, жанұя және қоғамдық орындардың бірлесіп өткізілетін тәрбие жұмыстарының маңыздылығын түсіндіру.

**Дамытушылық:** Мектеп, жанұя және қоғамдық орындардың мақсаты, мазмұны, категориялары, талаптары туралы талқылау арқылы тақырыптың маңыздылығы туралы ой туғызу.

**Тәрбиелік:** Әр бір оқушыны болашақ педагогикалық талаптарға сай шығармашылық қасиеттері мен ойларын қалыптарсыруға бағыттау.

**Сабақ түрі:** Түсіндірмелі- иллюстрациялық /CLIL технологиясының элементерің қолдану арқылы/

**Әдіс-тәсілдер:** Сөздік және көрнекілік (дидактикалық тапсырмалар, жаңа сөздерді, түсініктерді пысықтау, талқылау)

**Сабақтың көрнекіліктері:** иллюстрациялық слайд, постер, А4 қағаздары, маркерлер.

**Пәнаралық байланыс:** Психология, МДҚ ұйымдастру

**Сабақтың барысы:**

**Ұйымдастыру кезеңі**

- 1)Сәлемдесу;
- 2)Оқушыларды түгендеу;
- 3)Тақырыпты жариялау;
- 4) Сабақтың түрі мен мақсатын түсіндіру;
- 5)Тақырып бойынша білімді бекіту;
- 6) Сабақты қорытындылау;
- 7)Бағалау;
- 8)Үй тапсырмасы.

**Тақырыпты жариялау, сабақтың түрі мен мақсатын түсіндіру.**

— Бүгінгі «Мектеп, жанұя және қоғамдық орындардың бірлесіп өткізілетін тәрбие жұмыстары» тақырыпты сабақ *«Мектептегі тәрбие іс әрекетінің*

*ұйымдастыру жұмысының әдістемелік негіздері» бөлімінің қорытынды тақырыбы.* Жалпылама өткен бөлім бойынша білімді бекіту, қорытындылау сабағы.

Сабақты ұлы педагог, ағарту-ісінің көрнекті қайраткері К.Д. Ушинскийдің «Тәрбие жұмыстары- алдын-ала ниеттелген және арнайы ұйымдастырылған педагогикалық процесс» деген тұжырымымен бастауды дұрыс деп шештім.

Бұл тұжырым *адамды* қалыптасқан, дамыған, қоғам үшін пайдалы *тұлға* деңгейіне жеткізу — арнайы педагогикалық - фундаменталдық негіздердің бірігіп

ұйымдастырылған іс- әрекетіне байланысты екенін түсіндіруді көздейді.

### **Активити: Сөздікпен жұмыс**

-Сөздік дәптерлерімізді ашып тақырып және К.Д. Ушинскийдің тұжырымы бойынша келесі терминдерді жазып алып, дауыстауыңыз сұралады:

1. тәрбие- воспитание-education

2. мектеп – школа — school

3. жанұя- семья- family

4. қоғамдық орындар- общественные органы- public bodies

5. тәрбие жұмысы- воспитательная работа-educational work

6. тұлға- личность- personality

### **Активити: Геометриялық пішін.**

- Назарларыңызды геометриялық пішінге аударуыңызды сұраймын. Бұл үшбұрыш пішіні туралы не айталасыздар? /отбасы-мектеп-тұлға/
- Тәрбиелі тұлға түсінігін нақты қалыптастыру үшін отбасылық тәрбиемен мектеп тәрбиесін біріктіретін элемент қандай?/қоғамдық орындар/

### **Активити: Мини группы (шағын топтар)**

—Ендігі кезекте Тәрбиелі тұлға түсінігін нақты қалыптастыру үшін әсер етуші тәрбие түрлеріне сай шағын топтарға бөлінеміз. Қорапшада үш түрлі түсті қағаз бар, тандаған қағаздың түсіне сай топтасуыңызды сұраймын.

1. **Отбасылық тәрбие**
2. **Мектеп тәрбиесі**
3. **Қоғамдық орындар тәрбиесі**

### **Тапсырмалар: №1**

1. Отбасылық тәрбиесі тобына: Отбасы тәрбиесіне байланысты мақал- мәтелдер айтып, мағынасын түсіндіріңіз.
2. Мектеп тәрбиесі тобына: Мектептің оқушылардың ата- аналарымен жұмыс істеу формалары мен әдістерін атаныз.
3. Қоғамдық орындар тәрбиесі тобына: Оқушының бос уақытын тиімді өткізу үшін жұмыстанатың қоғамдық ұйымдарды атаныз.

**Тапсырмалар: №2**

Топтар бір-біріне ситуациялық сұрақтар қояды:

- а) Отбасылық тәрбиесі тобы — Мектеп тәрбиесі тобына;
- б) Мектеп тәрбиесі тобын- Қоғамдық орындар тәрбиесі тобына;
- в) Қоғамдық орындар тәрбиесі тобына- Отбасылық тәрбиесі тобына.

**Өткен тақырыптар бойынша білімді бекіту**

Аудиторияға сұрақтар қою арқылы өткен тақырыптар бойынша білімді бекіту:

1. Педагогиканың арнайы ғылым- білім саласына бөлініп шығу жолы?
2. Елеулі еңбектерімен танымал еуропалық педагогтарды және ұсынған теорияларын мәлімденіз.
3. Педагогиканың бөлек ғылым салаларына жіктелуі.
4. Жеке адам дамуы мен қалыптасуы жөніндегі теориялық көзқарастарды атаныз.
  5. Тәрбие жұмыстарының негізгі әдістерін атаныз.
  6. Сынып жетекшінің тәрбие жұмысының мақсаттық бөлшектенуі.
7. Оқушылар ұжымы.
  8. Ынталандыру әдістерің атаныз.

**Сабақты қорытындылау****I. Рефлексия : Снежный ком (қардан жасалған доп)**

-Сөздік дәптерлерімізге жазған жаңа терминдерді қайталау:

1. тәрбие- воспитание-education
2. мектеп - школа — school
3. жанұя- семья- family
4. қоғамдық орындар- общественные органы- public bodies
5. тәрбие жұмысы- воспитательная работа-educational work
6. тұлға- личность- personality

## II. Активити: Закончи предложение (сөлемді аяқта)

1. **Отбасылық тәрбие-**
2. **Мектеп тәрбиесі-**
3. **Қоғамдық орындар тәрбиесі-**

### **Бағалау.**

Сабақ барысына белсенді қатысқан оқушылар бағалынады. Әр бір бағаның қойылуы түсіндіріліп айтылады.

### **Үйге тапсырма**

— Мектеп, жанұя және қоғамдық орындардың бірлесіп өткізген заманауи тәрбиелік шараларды зертеу.